

УДК 727.14.653

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ЖОЙЫЛЫП КЕТКЕН КӨНЕ ҚАЛАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Серікбаева Алтын Төлебайқызы

6-n_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.М. Садыкова

Тарих адамзат өміріндегі ерекше құндылықтардың бірі, сонымен қатар ол көпдеген ғылымдардың ашылуына септігін тигізер тағы бір ғылымның саласы болып табылады. Көпдеген бақылауларға сүйенер болсақ ғылым мен тарих тоғысқанда адамзат өмірінде ерекше жаңалықтардың ашылады.

Қазақстан көп деген этностардың өмір сүрген мекені болғанын барлығымыз тарих беттерінен білеміз, сонымен қатар Қазақстан жеріндегі этностардың көшпелі өмір салтын ұстанғаны да анық. Осы деректерді пайдалана отырып бізге «Қазақстан жерінде қалалар салынбаған, сәулет өнері дамымаған» - деген ұғымды қалыптастырды. Алайда Қазақстан жерінде көпдеген зерттелмеген, соғыс кезінде қиратылып, отаршылыққа ұшыраған қалалар өте көп. Орта ғасыр және оған дейін де Қазақстан жерінде ірі мемлекеттер, империялар, қағанаттар өмір сүргенін білеміз сонымен қатар Ұлы Жібек Жолының басты торабы болғаны баршамызға аян. Сақ тайпалары, Ғұн империясы, Түркі қағанаты, Жошы ұлысы дүние жүзін дүрліктірген саяси билік жүргізген аса ірі мемлекеттер болып табылады, және олардың саяси ордасы яғни астанасы немесе сауда жүргізетін орталығы болмады дегенге сену қиын [1].

Көпдеген зерттеулерге сүйенер болсақ Қазақстан жерінде ерте заманнан бері шаруашылық, сауда-саттық, ғылым-білім өте жақсы дамыған, яғни бұл қалалардың салынып сәулет өнерінің дамығанының айқын белгісі. Ал егер осы қалалар мен ғимараттарды қалпына келтірер болсақ сәулет өнері мен ғылым білімге көп өзгерістер алып келері анық.

Көне қалалар: Сақ тайпаларының ірі қаласы, Шырық-Раббат қала ұзындығы 850 м, ені – 600 м, жалпы ауданы 51 г. Үйсін мемлекетінің ірі қаласы және астанасы Чигучэн. Қаңлы

мемлекетінің астанасы - Битянь қаласы. Жапон ғалымы Сиратори ол қала қазіргі Түркістан қаласының маңында болған деп есептейді. Түрік қағанатының ірі қаласы және астанасы Суяб

Қазіргі таңның өзінде біздің әлемнің мәдени мұраларына қауіп төнуде. Тонау, урбанизация, жаппай туризм, қарулы қақтығыстар мен климаттың өзгеруі тарихи ескерткіштерді зақымдайды және бұзады, мәдениет пайда болған, тілдер дамыған, өркениеттер дамыған тарихи орындардың жоғалуы орны толмас шығын. Бұл қауіп төнген мұра объектілері адамзаттың бай мәдени әртүрлілігінің белгісі. Осы ескерткіштерді құжаттарға еңгізіп, сақтауымыз өте маңызды [2].

Қазіргі таңда көне қалаларды немесе жоғалып кету қауіпі бар қалаларды ісәлет жобасы өз қолына алып отыр.

Ісәлет латын тіліндегі «ісәлеті» сөзінен шыққан, ол «бейне» деген сөзді білдіреді. Белгісіз, оқшауланған, қауіп төнген мұраның бейнесін бейнелеу және ашу.

Дүниежүзілік археологиялық мұра соңғы жылдарда үлкен сынақтарға ұшырауда. Көптеген тарихи орындар адамның немесе табиғаттың іс-әрекеттері нәтижесінде жойылып кету қауіпі бар. Ал атамұра туралы естелікті болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды [3].

2016 жылдың желтоқсанында құрылған қауіп төнген мұраны қорғау жөніндегі ісәлет қоры ең инновациялық технологияларды пайдалана отырып, дүниежүзілік мұраны сақтау жөніндегі халықаралық бастамаларды ұйымдастыруға және қолдауға, кең жұртшылықтың хабардар болуын арттыруға бағытталған. Алғашында 2013 жылы Ісәлет жойылып кету қауіпі бар археологиялық ескерткіштерді цифрлауға маманданған Француз стартапы болып құрылды.



Сурет 1. Мес-Айнак Ауғанстан, Кабул қаласының оңтүстік-шығысына қарай 40 км жерде орналасқан ежелгі ғимараттар кешені

Ісәлет жобасының алға қойған мақсаты осы жойылып кету қауіпі бар жерлерді бүгінгі таңда зерттеп болашаққа өз таңбасын қалдыру, және болашақта зерттеу үшін осы ескерткіштерді одан әрі сақтау болып табылады. Олардың сарапшылар командасы саяхаттайды, және әлемдегі ең танымал жерлеріміздің сандық көшірмелерін жасайды, оларды болашақ ұрпақ үшін жазып және сақтап қалу барысында ұшқышсыз ұшу аппараттарының ауқымды сканерлеу қабілетін пайдалана отырып 3D фотореалистік сапасын үйлестіріп олардың көшірмесін алады [4].

Олар халықаралық ұйымдармен, ұлттық үкіметтермен, жергілікті биліктермен және ЮНЕСКО, Ага Хан мәдени қоры, Оман Сұлтанаты, Париж және Лувр сияқты әлемдік

деңгейдегі мұражайлармен ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Олар нақты нысандар үшін сәулеттік 3D-модельдерді құрастырады; ірі масштабты қалалардың және ауылдардың 3D-модельдерін жасайды; мұражай көрмелерін ұйымдастырады; және жергілікті мамандарды дайындап оларды оқытады.

2013 жылдан бастап Iconem жоғалып кету қаупі бар Мәдени мұра объектілерін 3D-форматта цифрлауға маманданған: Судандағы ұлы пирамидалардан бастап Ангкордың қасиетті гибадатханаларына дейін қауіп төніп тұрған тарихи орындарды сақтап қалуға өз үлестерін қосуда. Iconem қазіргі сәтте әлемнің 21 мемлекетінің тарихи орындарын зерттеп, оларды құжаттандыраған және олардың 3D көріністерін өз сайттарына еңгізген [5].



Сурет 2. Iconem жобасы зерттеген тарихи ғимараттары бар 21 мемлекет

Олар ұиқышсыз ұшу аппараттарына арналған жаңа жабдықтарды иеленуі фотограмметрия, лазерлік және 3D-технологиялар саласындағы тәжірибесі оларға мінсіз фотореалистік сандық модельдер жасауға мүмкіндік береді. Олар зақымдалған немесе қираған ескерткіштердің сәулеттік 3D-модельдерін құру үшін әр-түрлі мамандық иелерін жинаған, яғни топта археолог, сәулетші, бағдарлама құратын мамандар жиналған. Олардың ірі ауқымды қалалық және ауылдық 3D-модельдері мәдени мұра объектілерін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі аса маңызды жұмысты жеңілдетеді. Мұражай көрмелеріне арналған олардың еңбектері қызығушыларға ғаламшарымыздың мәдени мұрасының байлығын білдіретін көрнекті тарихи орындарды көрсетеді [6].

Қазақстан жері көпдеген этностардың өмір салтын ұстанған жері, сонымен қатар ерекше тарихқа бай мекен болып табылады. Сәулеттік өнер б.з.б. 1 мың жылдықта Қазақстан жерінде бастау алған болса, осы кезеңге дейін көпдеген қалалардың салынғаны анық және оны әлемдік деңгейде көрсету біздің қолымыздағы дүние.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Абдакимов А.А. История Казахстана. Астана: РИК. 1999. –414 с.
2. Абилев А.К., Евдокимов В.В. Казахстан в древности. Учебное пособие. Караганда,: Изд. КарГУ, 1991. –130 с.
3. <http://iconem.com/en/>
4. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана: учебник для вузов. Костанай: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2006. –308 с.
5. Асфендияров С., Кунте П. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Т. 1. - Алма-Ата, 1935; Алматы: Казахстан, 1998. –384 с.

6. Ахинжанов С. М. Кыпчаки в истории средневековья Казахстана. Алма-Ата: Жалын, 1989. –294 с.